

Бекітемін.
Балабақша меңгерушісі: А. Исакулова



**«Меруерт-Ана» бөбөкжай- балабақшасы
ЖШС-нің педагог-психологтың 2025-2026
оқу жылына атқарған жұмыстарының
есебі.**

Педагог -психолог: Бахадирова Дилрабо

2025–2026 оқу жылында педагог-психологтың атқарған жұмыстары туралы

2025–2026 оқу жылында педагог-психолог қызметінің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына қолайлы психологиялық орта қалыптастыру, сондай-ақ білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету болды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер жүзеге асырылды:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық және танымдық дамуына қолайлы психологиялық жағдай ұйымдастыру.
2. Тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін зерделеу мақсатында психодиагностикалық жұмыстар жүргізіп, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау.
3. Балалардың психологиялық дамуында кездесуі мүмкін қиындықтардың алдын алып, қажетті жағдайда түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде өткізу.
5. Педагогтер мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.
6. Мектепке дейінгі ұйымда психологиялық қызметтің маңызын түсіндіру және оның тиімділігін арттыру.
7. Білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына дер кезінде психологиялық сүйемелдеу мен кәсіби қолдау көрсету.

Жылдық жоспар бекітілгеннен кейін педагог-психологтың қызметі келесі негізгі бағыттар бойынша ұйымдастырылды:

- психологиялық ағарту және психопрофилактикалық жұмыстар;
- психодиагностикалық зерттеулер;
- түзету-дамыту жұмыстары;
- психологиялық кеңес беру қызметі.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын сақтауға, танымдық процестерін дамытуға, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға және әлеуметтік бейімделуіне бағытталды. Сонымен қатар педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіліп, ата-аналарға бала тәрбиесі мен дамуына қатысты психологиялық кеңестер берілді. Балабақша әкімшілігімен бірлесіп тәрбиелеу-білім беру үдерісінде туындаған психологиялық мәселелерді шешу бойынша жоспарлы жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек айында атқарылған жұмыстар

Оқу жылының басында жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің балабақша жағдайына бейімделу кезеңіне ерекше назар аударылды. «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобына,

сондай-ақ «Айгөлек», «Балапан», «Балауса», «Ботақан», «Балдырған» топтарына жаңадан келген және бір топтан екінші топқа ауысқан балалардың психологиялық жай-күйі бақылауға алынды.

Балалардың эмоционалдық жағдайын, қарым-қатынас ерекшеліктерін және жаңа ортаға бейімделу деңгейін анықтау мақсатында жүйелі бақылау жүргізіліп, бейімделу карталары толтырылды. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің отбасы жағдайымен танысу, ата-аналардың тәрбиелеу ұстанымдарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылды.

Ата-аналарға «Баланың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері», «Балабақшадағы алғашқы күндер», «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыптарында психологиялық кеңестер берілді. Топтық ата-аналар жиналысында «Ата-ана – баланың алғашқы тәрбиешісі» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылып, бейімделу кезеңінде балаға қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобында тәрбиеленетін **25 баланың** жаңа ортаға бейімделуі жақсы деңгейде өтті. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің **90%-ында бейімделу жеңіл деңгейде, 10%-ында орташа деңгейде** екендігі анықталды. Балалардың тәбеті мен ұйқы режимі қалыпты болып, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынасы оң сипатта қалыптасты.

Қазан айында атқарылған жұмыстар

Қазан айында тәрбиеленушілердің психологиялық даму деңгейін анықтау мақсатында «Жұлдызша» мектепалды даярлық, «Айгөлек», «Балапан», «Балауса» ересек, «Ботақан» және «Балдырған» ортаңғы топтарында психодиагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Диагностикалық жұмыстар барысында балалардың танымдық процестері (зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау), сөйлеу белсенділігі, ұсақ қол моторикасы, эмоциялық жағдайы және қарым-қатынас дағдылары бағаланды. Әрбір тәрбиеленуші бойынша психологиялық-педагогикалық даму карталары толтырылып, алынған нәтижелерге сәйкес жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жоспарланды.

Зерттеу қорытындылары бойынша балалардың басым бөлігінің даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігі анықталды. Қосымша қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жеке дамыту сабақтары ұйымдастырылып, ата-аналар мен тәрбиешілерге тиісті ұсынымдар берілді.

«Балапан» ересек тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

2025–2026 оқу жылының қазан айында «Балапан» ересек тобында тәрбиеленетін 25 балаға психологиялық диагностика жүргізілді. Зерттеу барысында тәрбиеленушілердің қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау және қиялдау қабілеттерінің даму деңгейлері анықталды.

Қабылдау қабілеті

- Жоғары деңгей – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**

- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Зейін

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Есте сақтау

- Жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташадан жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Ойлау

- Жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Қиял

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **10 бала (40%)**
- Орташадан төмен – **3 бала (12%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары деңгей – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Диагностика нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінің психологиялық даму көрсеткіштері орташа және жоғары деңгейде екендігі анықталды. Төмен және орташадан төмен деңгей көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды.

«Балдырған» ортаңғы тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

Қабылдау

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Зейін

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Есте сақтау

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Ойлау

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Диагностикалық зерттеу нәтижесінде тәрбиеленушілердің көпшілігінің танымдық процестері жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасқаны анықталды. Жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен түзету-дамыту сабақтары жоспарланды.

«Ботақан» ортаңғы тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

Қабылдау

- Жоғары – **7 бала (28%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **2 бала (8%)**

Зейін

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Есте сақтау

- Жоғары – **7 бала (28%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **7 бала (28%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Ойлау

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **2 бала (8%)**

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары – **6 бала (24%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Диагностика нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінің танымдық даму көрсеткіштері орташа және жоғары деңгейде екендігі анықталды. Жеке түзету-дамыту жұмыстарын қажет ететін тәрбиеленушілермен арнайы жұмыс жоспары құрылып, жүйелі психологиялық қолдау көрсетілді.

Диагностикалық зерттеулердің қорытындысына талдау

Психодиагностикалық зерттеулердің қорытындысы бойынша ортаңғы топтардан ересек және мектепалды даярлық топтарына қарай тәрбиеленушілердің танымдық процестерінің даму деңгейі біртіндеп жоғарылайтыны анықталды. Бұл көрсеткіш балалардың жас

ерекшеліктеріне сай танымдық қабілеттерінің қалыптасуы мен оқу-тәрбие жұмыстарының жүйелі жүргізілуінің нәтижесін көрсетеді.

Жекелеген топтарда өткен оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіштердің айтарлықтай өзгермеуі тәрбиеленушілер құрамының тұрақсыздығымен түсіндірілді. Оқу жылы барысында кейбір балалардың басқа мектепке дейінгі ұйымдарға ауысуы және олардың орнына жаңадан тәрбиеленушілердің қабылдануы жалпы мониторинг нәтижесіне әсер етті. Жаңадан келген балалардың балабақша ортасына бейімделуі мен білім, білік, дағдыларды меңгеру деңгейі бастапқы кезеңде төменірек болғандықтан, жалпы пайыздық көрсеткіштердің өзгеруіне ықпал етті.

Диагностикалық жұмыстар барысында өзге ұлт тәрбиеленушілерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне байланысты кейбір тапсырмаларды орындауда қиындықтар кездесетіні байқалды. Балалардың бір бөлігі жауаптарды қазақ, орыс және ана тілдерін араластырып берді. Осыған байланысты тәрбиешілерге мемлекеттік тілде сөйлесу ортасын кеңейту, сөздік қорын молайтатын ойындар мен жаттығуларды жүйелі ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Танымдық даму көрсеткіштері орташадан төмен және төмен деңгейде анықталған тәрбиеленушілер үшін жеке түзету-дамыту жұмыстарының жоспары құрылды. Олардың зейінін, есте сақтауын, қабылдауын, логикалық ойлауын және тілдік белсенділігін дамыту мақсатында арнайы ойындар мен жаттығулар ұйымдастырылды.

Жыл бойы өткізілген жеке және топтық түзету сабақтарында төмендегі психологиялық ойындар кеңінен қолданылды:

- «Не артық?»;
- «Суреттен не көрдің?»;
- «Айырмашылығын тап»;
- «Түстерді ажырат»;
- «Жыл мезгілдерін ата»;
- «Артық затты анықта»;
- «Зейінді бол!»;
- «Есте сақта және қайтала».

Бұл жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігі артып, оқу қызметіне қызығушылығы мен тапсырмаларды орындау сапасы жақсарды.

Психодиагностикалық зерттеу қорытындылары балабақша әкімшілігіне және топ тәрбиешілеріне ұсынылып, «Диагностикалық мониторинг нәтижелері және тәрбиеленушілердің білімді меңгеру деңгейі» тақырыбында әдістемелік талдау өткізілді. Жиын барысында балалардың дамуындағы ерекшеліктер қарастырылып, оларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар қабылданды.

Қараша айында атқарылған жұмыстар

Қараша айында оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық ерекшеліктерін зерделеу мақсатында педагогтердің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу жұмыстары жүргізілді. Сабақ барысында балалардың белсенділігі, қарым-қатынас мәдениеті, эмоционалдық жағдайы және педагогтердің балалармен жұмыс жүргізу тәсілдері бақылауға алынып, психологиялық талдау жасалды.

Сонымен қатар таңертеңгі қабылдау кезінде педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынас жасау мәдениеті мен ынтымақтастық деңгейіне бақылау жүргізіліп, қажетті әдістемелік ұсынымдар берілді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту мақсатында **«Сенімділік – табысты педагогтің кепілі»** тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Тренингтің мақсаты:

- педагогтердің өзіне деген сенімділігін арттыру;
- жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- кәсіби күйзелістің алдын алу;
- ұжым мүшелерінің өзара қолдауын нығайту.

Тренинг барысында өткізілген жаттығулар:

- «Менің күшті тұстарым»;
- «Сенімділік дегеніміз не?» пікір алмасуы;
- «Өзін-өзі бағалау» жаттығуы;
- «Менің жетістіктерім»;
- «Жылы лебіз» психологиялық ойыны;
- «Менің өмірлік ұстанымым» шығармашылық тапсырмасы;
- «Сенім көпірі» топтық жаттығуы;
- «Күн шуағы» релаксациялық жаттығуы.

Тренинг соңында қатысушылардан кері байланыс алынып, «Бүгін мен білдім...», «Маған ерекше ұнағаны...», «Алдағы уақытта қолданамын...» тақырыптарында пікірлері тыңдалды. Педагогтер тренингтің кәсіби қызметіне оң ықпал еткенін атап өтті.

Ата-аналармен жұмыс

Қараша айында ата-аналарға арналған психологиялық ақпарат бұрышында **«Ертегі терапиясының бала дамуындағы маңызы»** тақырыбында кеңес ұсынылды.

Кеңес барысында ертегінің баланың сөйлеу тілін дамытуға, қиялын, шығармашылық қабілетін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға тигізетін әсері түсіндірілді. Сонымен қатар ата-аналарға үй жағдайында ертегіні оқу мен талқылаудың тиімді әдістері жөнінде практикалық ұсыныстар берілді.

Тәрбиешілерге әдістемелік көмек

Балалардың даму мониторингін жүргізу барысында тәрбиешілерге психологиялық-әдістемелік қолдау көрсетілді. Мониторинг нәтижелерін дұрыс талдау, индикаторларды бағалау, балалардың жеке даму карталарын толтыру және алынған мәліметтерді әрі қарайғы жоспарлау барысында пайдалану жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Зияткерлік сайыс

Қараша айында мектепалды даярлық **«Жұлдызша»** тобында **«Білгір бала»** атты зияткерлік сайыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауын, зейінін, тапқырлығын және шығармашылық белсенділігін дамыту, ұжыммен бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Сайыс барысында балалар түрлі логикалық тапсырмалар, жұмбақтар, есте сақтау және зейінге арналған ойындарды орындап, жоғары белсенділік танытты. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің оқу қызметі барысында алған білімдерін тиімді қолдана алатындығы байқалды.

Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу

Оқу жылының басында педагогикалық ұжым арасында балабақшадағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынас деңгейін, жұмысқа қанағаттануын, ұйымдағы психологиялық климатты бағалау және келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жетілдіруге ұсыныстар жинақтау болды.

Сауалнама бес балдық бағалау жүйесі бойынша ұйымдастырылып, педагогтерге ұжымдағы өзара сыйластық, ынтымақтастық, басшылықпен қарым-қатынас, еңбек жағдайы және кәсіби қолдау деңгейіне қатысты сұрақтар ұсынылды.

Сауалнама нәтижелері педагогтердің басым бөлігінің балабақшадағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды **қолайлы** деп бағалағанын көрсетті. Алынған ұсыныстар келесі оқу жылындағы психологиялық қызметтің жұмыс жоспарын жетілдіру барысында ескерілді.

Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды анықтау сауалнамасының қорытындысы

2025–2026 оқу жылында педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды, қызметкерлердің еңбек жағдайына, ұжымішілік қарым-қатынасқа және басқару үдерісіне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Зерттеуге **10 қызметкер** қатысты.

Сауалнама бес балдық бағалау жүйесі бойынша ұйымдастырылды:

- **1 балл** – мүлдем қанағаттанбаймын;
- **2 балл** – қанағаттанбаймын;
- **3 балл** – нақты жауап беруге қиналамын;
- **4 балл** – қанағаттанамын;
- **5 балл** – толық қанағаттанамын.

Жүргізілген сараптамалық талдау нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштер анықталды:

- **1 балл (мүлдем қанағаттанбаймын) – 0,9%;**
- **2 балл (қанағаттанбаймын) – 2,9%;**
- **3 балл (жауап беруге қиналамын) – 14,2%;**
- **4 балл (қанағаттанамын) – 35%;**
- **5 балл (толық қанағаттанамын) – 47%.**

Жалпы қорытынды бойынша педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуал **қолайлы деңгейде** екендігі анықталды. Қызметкерлердің басым көпшілігі ұжымдағы

өзара қарым-қатынасқа, жұмыс жағдайына және әкімшілік тарапынан көрсетілетін қолдауға оң баға берді.

Сауалнама нәтижелерінің жиынтық көрсеткіштері:

- Теріс пікірлер (–) – 3,8%;
- Оң пікірлер (+) – 82%;
- Бейтарап жауаптар (^) – 14,2%.

Зерттеу қорытындысы бойынша ұжымда психологиялық қолайсыздық немесе қауіп тудыратын жағдайлар анықталған жоқ. Педагогикалық ұжымда өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау көрсету деңгейінің жоғары екендігі байқалды.

Сауалнама нәтижелері балабақша әкімшілігі мен педагогикалық ұжымға таныстырылып, жан-жақты талдау жүргізілді. Талқылау барысында ұжымдағы жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайту, өзара сенім мен ашық қарым-қатынасты дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру туралы ортақ ұсыныстар қабылданды.

Жаңа оқу жылында педагогтердің кәсіби мотивациясын арттыруға, эмоционалдық әлауқатын қолдауға және ұжымдағы қолайлы психологиялық ортаны одан әрі жетілдіруге бағытталған психологиялық іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру жоспарланды.

«Меруерт-Ана» бөбөкжай- балабақшасы ЖШС-нің педагог-психологтың 2024-2025 оқу жылының II-жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі.

Екінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстар

Екінші жартыжылдықта ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің сенсорлық даму деңгейіне мониторинг жүргізілді. Зерттеу барысында балалардың түстерді ажырату, пішіндерді тану, көлемді салыстыру, заттардың қасиеттерін ажырату және кеңістікті бағдарлау дағдылары бағаланды. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінің сенсорлық даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігі анықталды.

Тәрбиешілерге сенсорлық қабілеттерді жетілдіру мақсатында күнделікті оқу қызметінде және еркін ойын барысында «Бұл қандай зат?», «Түсін тап», «Түрлі-түсті моншақтар», «Пішінді сәйкестендір», «Артық затты тап» сияқты дамытушы ойындарды жүйелі қолдану жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілді.

Ортаңғы топ педагогтері үшін «**Дидактикалық ойындар арқылы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту**» тақырыбында психологиялық кеңес ұйымдастырылды. Кеңес барысында сенсорлық дамудың мектеп жасына дейінгі кезеңдегі маңызы, дидактикалық ойындардың танымдық процестерді жетілдірудегі тиімділігі және оларды күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдары қарастырылды.

Пікір алмасу барысында тәрбиешілер сенсорлық ойындардың балалардың қабылдауын, зейінін, есте сақтауын, ойлауын, сөйлеу белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығын атап өтті.

Ақпан айында атқарылған жұмыстар

Ақпан айында «**Балдырған**» және «**Ботақан**» ортаңғы топтарында балалар арасындағы өзара қарым-қатынас пен психологиялық ахуалды анықтау мақсатында «Екі үй» және «Теңізге саяхат» психодиагностикалық әдістемелері жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша топтардағы тәрбиеленушілердің бір-бірімен қарым-қатынасы қолайлы екендігі анықталды. Балалардың өзара сыйластық, достық және ынтымақтастық дағдыларын одан әрі дамыту мақсатында түзету-дамыту ойындары ұйымдастырылды.

Оқу қызметтері барысында «Сыпайы сөздер», «Айна», «Кім жоқ?», «Досыңа көмектес», «Жылы сөз сыйла» атты психологиялық ойындар өткізіліп, балалардың қарым-қатынас мәдениетін, эмоцияларын басқару және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға көңіл бөлінді.

Топтық ата-аналар жиналысында «**Егер балаңызбен құрдастары достаспаса не істеу керек?**» тақырыбында психологиялық кеңес беріліп, ата-аналарға баланың әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.

Наурыз айында атқарылған жұмыстар

Наурыз айында педагогтердің кәсіби рефлексиясын қалыптастыру мақсатында «**Өз тобыңызды және кәсіби қызметіңізді қаншалықты жақсы білесіз?**» тақырыбында сауалнама ұйымдастырылды.

Сауалнама барысында тәрбиешілер өздерінің кәсіби қызметіне талдау жасап, жетістіктері мен дамыту қажет бағыттарын анықтады. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологиялық ұсынымдар беріліп, өзін-өзі дамыту жоспарын құру жөнінде пікір алмасу өткізілді.

Сәуір айында атқарылған жұмыстар

Сәуір айында «**Жұлдызша**» мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке психологиялық даярлығын анықтау мақсатында кешенді диагностикалық зерттеу жүргізілді.

Диагностика нәтижесінде тәрбиеленушілердің мектепке оқуға даярлық деңгейі жоғары екендігі анықталды. Балалардың басым бөлігі оқу әрекетіне қызығушылық танытып, сұрақтарға толық әрі нақты жауап берді. «Неліктен мектепке барасың?» деген сұраққа балалар білім алу, жаңа достар табу, оқып-жазуды үйрену және болашақ мамандыққа дайындалу сияқты мазмұнды жауаптар берді.

Мектепке бейімделудің алдын алу мақсатында «**Біз мектепке барамыз**», «**Оқу құралдарын тап**», «**Мен – болашақ оқушымын**», «**Мектепке саяхат**» атты түзету-дамыту ойындары ұйымдастырылды.

Психолог бұрышында ата-аналар үшін «**Баланы мектепке психологиялық тұрғыдан қалай дайындау керек?**», «**Бірінші сынып оқушысының ата-анасына кеңес**» тақырыптарында ақпараттық материалдар әзірленіп, жеке және топтық кеңестер өткізілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар

Жыл бойы ата-аналар жиналыстары мен жеке қабылдаулар барысында бала тәрбиесіне қатысты психологиялық кеңестер тұрақты түрде ұйымдастырылды.

Атап айтқанда төмендегі тақырыптар қамтылды:

- «Ертегі терапиясының бала дамуына әсері»;
- «Гипербелсенді балаға қолдау көрсету жолдары»;
- «Бала тәрбиесінде жиі кездесетін қателіктер»;
- «Баланың эмоциялық интеллектін дамыту»;
- «Отбасындағы жағымды психологиялық ахуал».

Кеңестер барысында ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу әдістері, эмоционалдық қолдау көрсету және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту жөнінде практикалық ұсынымдар берілді.

Мамыр айында атқарылған жұмыстар

Мамыр айында балабақшада ұйымдастырылған қорытынды мерекелік іс-шаралар мен тәрбиелік шараларға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың эмоционалдық жай-күйі бақылауға алынып, мерекелік шаралардың жағымды психологиялық ортада өтуіне қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар оқу жылы бойы жүргізілген психологиялық қызметтің нәтижелері талданып, диагностикалық зерттеулер мен түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі сарапталды. Келесі 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс бағыттары айқындалып, анықталған мәселелерді жетілдіруге және психологиялық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді.

Жыл қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын нығайтуға, танымдық қабілеттерін дамытуға, педагогтер мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыруға оң ықпал еткені анықталды.

Мектепалды даярлық «Жұлдызша» тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

Қазан айында «Жұлдызша» мектепалды даярлық тобындағы 25 тәрбиеленушінің психологиялық даму деңгейі анықталды. Зерттеу барысында қабылдау, зейін, есте сақтау және логикалық ойлау процестері бағаланды.

Қабылдау қабілеті

- Жоғары деңгей – **3 бала (12%)**
- Орташадан жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташа – **10 бала (40%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**

- Төмен – 3 бала (12%)

Зейін

- Жоғары – 4 бала (16%)
- Орташадан жоғары – 5 бала (20%)
- Орташа – 9 бала (36%)
- Орташадан төмен – 4 бала (16%)
- Төмен – 3 бала (12%)

Есте сақтау

- Жоғары – 5 бала (20%)
- Орташадан жоғары – 4 бала (16%)
- Орташа – 8 бала (32%)
- Орташадан төмен – 5 бала (20%)
- Төмен – 3 бала (12%)

Логикалық ойлау

- Жоғары – 4 бала (16%)
- Орташадан жоғары – 5 бала (20%)
- Орташа – 8 бала (32%)
- Орташадан төмен – 5 бала (20%)
- Төмен – 3 бала (12%)

Жеке түзету-дамыту жұмыстары танымдық процестері төмен деңгейде анықталған тәрбиеленушілермен ұйымдастырылды.

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары – 4 бала (16%)
- Орташадан жоғары – 5 бала (20%)
- Орташа – 9 бала (36%)
- Орташадан төмен – 4 бала (16%)
- Төмен – 3 бала (12%)

Жалпы қорытынды бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінің психологиялық даму көрсеткіштері орташа және жоғары деңгейде екендігі анықталды.

«Айгөлек» ересек тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

Диагностикалық зерттеу барысында 25 тәрбиеленушінің танымдық даму деңгейі бағаланды.

Қабылдау қабілеті

- Жоғары – 4 бала (16%)

- Орташадан жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташа – **10 бала (40%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Зейін

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Есте сақтау

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **3 бала (12%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Логикалық ойлау

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **8 бала (32%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Жеке түзету-дамыту жұмыстары нәтижесінде қосымша психологиялық қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жеке сабақтар ұйымдастырылды.

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Зерттеу нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігінің даму деңгейі жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігі анықталды.

«Балауса» ересек тобының психологиялық диагностикасының қорытындысы

«Балауса» ересек тобындағы 25 тәрбиеленушіге жүргізілген психодиагностикалық зерттеу олардың танымдық процестерінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетті.

Қабылдау қабілеті

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Зейін

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **5 бала (20%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Есте сақтау

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Логикалық ойлау

- Жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **4 бала (16%)**

Жеке түзету-дамыту жұмыстары танымдық даму деңгейін жетілдіру мақсатында жоспарға сәйкес жүргізілді.

Жалпы сараптамалық қорытынды:

- Жоғары – **5 бала (20%)**
- Орташадан жоғары – **4 бала (16%)**
- Орташа – **9 бала (36%)**
- Орташадан төмен – **4 бала (16%)**
- Төмен – **3 бала (12%)**

Диагностика қорытындысы бойынша «Балауса» тобы тәрбиеленушілерінің танымдық процестері жақсы деңгейде қалыптасқаны байқалды. Орташадан төмен және төмен көрсеткіш көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке түзету-дамыту сабақтары жүргізіліп, ата-аналар мен тәрбиешілерге әдістемелік ұсыныстар берілді.

Диагностикалық зерттеу нәтижелеріне талдау

Жүргізілген психодиагностикалық зерттеулердің қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің танымдық даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкес біртіндеп жоғарылайтыны байқалды. Ортаңғы топтардан ересек және мектепалды даярлық топтарына қарай балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау және логикалық ойлау қабілеттерінің даму деңгейі артқаны анықталды.

Кейбір топтарда өткен оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіштердің айтарлықтай өзгермеуі тәрбиеленушілер құрамының тұрақсыз болуымен байланысты болды. Оқу жылы ішінде кейбір балалардың басқа білім беру ұйымдарына ауысуы және олардың орнына жаңадан тәрбиеленушілердің қабылдануы жалпы мониторинг нәтижесіне әсерін тигізді. Жаңадан келген балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі бастапқы кезеңде төмен болғандықтан, жалпы көрсеткіштердің өзгеруіне ықпал етті.

Психодиагностикалық зерттеу барысында өзге ұлт тәрбиеленушілерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне байланысты кейбір тапсырмаларды орындауда қиындықтар кездесетіні анықталды. Көптеген балалар жауаптарды қазақ және ана тілінде берді. Осыған байланысты тәрбиешілерге балалардың сөздік қорын дамытуға, тілдік қарым-қатынасын жетілдіруге және танымдық ойындарды жүйелі ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілді.

Танымдық даму көрсеткіштері төмен анықталған тәрбиеленушілер үшін жеке түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Балалардың қабылдауын, зейінін, есте сақтауын, ойлауын және сөйлеу белсенділігін жетілдіру мақсатында арнайы психологиялық ойындар қолданылды.

Түзету-дамыту сабақтарында төмендегі ойын-жаттығулар өткізілді:

- «Не артық?»;
- «Суреттен не байқадың?»;
- «Айырмашылығын тап»;
- «Түсті ата»;
- «Жыл мезгілдерін ретімен орналастыр»;
- «Кім жылдам?»;
- «Есте сақта және қайтала».

Диагностикалық зерттеу қорытындылары балабақша әкімшілігі мен педагогтерге таныстырылып, «Балалардың бағдарламаны меңгеру деңгейі және диагностика нәтижелерін талдау» тақырыбында әдістемелік отырыс өткізілді. Жиында анықталған мәселелер талқыланып, түзету-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары белгіленді.

Наурыз айында атқарылған жұмыстар

Қараша айында оқу-тәрбие үдерісінің сапасын зерделеу мақсатында педагогтердің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу және психологиялық бақылау жұмыстары жүргізілді. Сабақ барысында балалардың белсенділігі, танымдық қызығушылығы, эмоционалдық жағдайы және педагогтердің кәсіби қарым-қатынас ерекшеліктері талданды.

Сонымен қатар таңертеңгі қабылдау кезінде педагогтердің ата-аналармен өзара қарым-қатынасы бақылауға алынып, тиімді кері байланыс орнату бойынша ұсыныстар берілді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында **«Сенімділік кілті»** тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Тренингтің мақсаты:

- педагогикалық ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру;
- өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту;
- педагогтердің коммуникативтік мәдениетін жетілдіру;
- кәсіби күйзелістің алдын алу;
- өзін-өзі бағалау мен кәсіби сенімділікті арттыру.

Тренинг барысында «Тәрбиеші жұмысында кездесетін қиындықтар» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, қатысушылар проблемалық жағдаяттарды талқылап, оларды шешудің тиімді жолдары бойынша пікір алмасты. Әр педагог өз тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби қызметте кездесетін кедергілерді еңсерудің тиімді тәсілдерін ұсынды.

Өткізілген тренинг педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайтып, өзара қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті.

Ата-аналармен жұмыс

Қараша айында психолог бұрышында **«Ертегі терапиясының бала тәрбиесіндегі маңызы»** тақырыбында психологиялық кеңес ұйымдастырылды.

Кеңес барысында ертегінің баланың эмоционалдық дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына, қиялы мен шығармашылық қабілетінің дамуына тигізетін оң әсері түсіндірілді. Сонымен қатар ата-аналарға ертегіні оқу барысында оның тәрбиелік мазмұнына назар аудару және бала жасына сәйкес шығармаларды таңдау жөнінде ұсынымдар берілді.

Педагогтерге әдістемелік қолдау

Балалардың даму мониторингін ұйымдастыру барысында тәрбиешілерге психологиялық-әдістемелік көмек көрсетілді. Мониторинг нәтижелерін талдау, индикаторларды дұрыс бағалау және тәрбиеленушілердің жеке даму карталарын сапалы толтыру бойынша кеңестер берілді.

Сонымен қатар балалардың даму динамикасын жүйелі бақылаудың маңыздылығы түсіндіріліп, мониторинг нәтижелерін келесі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауда тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

Мамыр айында атқарылған жұмыстар

Желтоқсан айында ата-аналарға **«Баланы тәрбиелеудегі көтермелеу мен жазалаудың тиімді тәсілдері»** тақырыбында психологиялық кеңес ұйымдастырылды.

Кеңес барысында баланы қолдау, мадақтау, ынталандыру және жағымды тәрбие әдістерін қолданудың психологиялық ерекшеліктері түсіндірілді. Ата-аналарға бала тұлғасын құрметтеу, оның жетістіктерін бағалау және жазалау кезінде психологиялық қауіпсіздікті сақтау жөнінде нақты ұсынымдар берілді.

Тәрбиеленушілермен **«Мен әжеме көмектесемін»**, **«Біздің отбасылық мереке»**, **«Менің сүйікті отбасым»** тақырыптарында әңгімелесу және ойын элементтері арқылы тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Іс-шаралардың мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу және ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту болды.

Жыл бойы балабақшада ұйымдастырылған мерекелік және мәдени-көпшілік іс-шараларға психологиялық сүйемелдеу көрсетіліп, тәрбиеленушілердің эмоционалдық жай-күйі бақылауда болды. Бұл жұмыстар балалардың мерекелік іс-шараларға белсенді қатысуына және жағымды көңіл күй қалыптастыруға ықпал етті.